



Ұлы Отан соғысы кезінде он оқтың төғізы Қазақстандағы Шымкент қорғасын зауытында құйылды. Қорғасын өнеркәсібіне қажетті мыстың 1/3-і қазақ жерінде өндірілді.

Биыл адамзат тарихындағы ең сүмдік соғыстың өткеніне 77 жыл толады. Жеңіс күні – ұлы мереке, Отаның қорғаган жауынгердің асқақ айбыны, тылдағы Жеңісті жақыннатқан жұмысшылардың ерен еңбектерінің жемісі. Отанға деген сүйіспеншілік, табандылық пен ерлік қатал соғыста бізді Жеңіске жеткізді. Ұлы Отан соғыс даласында жан аяマイ күрескен қашшама қазақстандықтың ерлігі дастан болып жазылыш жатыр.

Қазақстаннан 500-ден астам адам Қенес Одағының Батыры атағына ие болды. Олардың арасында қазақ қыздары – пулеметші Мәншүк Мәмәтова мен мерген Элия Молдағұлова бар. Төрт қазақстандық әскери үшкыш – Талғат Бигельдинов, Леонид Беда, Иван Павлов, Сергей Луганский екі рет Қенес Одағының Батыры атағына ие болды. Батырларымыз Сабыр Рахымов, Бауыржан Момышұлы,

# ОЛАР БАТЫР, ОЛАР КАЙСАР, ҰЛЫ РАС...

**Соғыс...** Барды жоқ ететін, тауды жер ететін, жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын тажал. Ұлы Отан соғысына әрбір бесінші қазақстандық аттанды. Ата-ананы ұлынан, әйелді жарларынан, балаларды әкесінен айырды. Ұлы Отан соғысы қазақ халқы үшін ұмытылmas қайғылы жылдар болып қала береді. Бұл соғыс жастардың жүргегіндегі Отанға деген сүйіспеншілігі мен махаббатын көрсете білді. Ер азаматтар майданда жаумен арпалысса, аналарымыз тылда жұмыс істеді.

Сағадат Нұрмажанбетов сияқты ез атам Шәріпбек Мұлкібайұлын да осы тізімге, женісті жақыннатқан жандарға қосудан тартынбаймын.

Шәріпбек Мұлкібайұлы Ұлы Отан соғысының ардагері, Түркістан қаласының тұмасы және Құрметті азаматы. Ол Түркістан педагогикалық училищесінде білім алғып, мектептерде үстаздық, аудандық комсомол комитетінде нұсқаушы, ішкі істер белімінде милицияның оперативті уәкілі болып қызмет атқарды. 1942-1945 жылдарда әскер қатарында болып, Ұлы Отан соғысына қатысты. Сауаты мен тәжірибелі мол, қайса мінезді, білімді кісі болғандықтан Шәріпбек атамыз жеңіс туы тігілген соң елге оралды. Бірақ батыр атам соғыс туралы көп әңгіме айтпайтын. «Сендер біз көрген соғысты көрмей-ақ қойындар» деп күрсінетін. Атамыздың ерлігі мен батырлығы – бізге улғи.

Бейбіт заманда Шәріпбек Мұлкібайұлы қандай қызмет істесе де, оны абыраймен атқарды. Құрметке беленді. Жемісті еңбегі ел алдында еленіп, бірқатар марарапаттарға ие болды.

Сол бір сұрапыл соғыста көкірегін оққа тосқан жандар жыл сайын азып бара жатыр. Өкінішке орай, енді Шәріпбек атамыз ортамызда жоқ, бірақ ізбасар-үрпақтары - балалары, немерелері, шеберлері бар. «Жақсы адам үрпағымен мың жасайды» деген сез осындағда айтылатын шығар.

Жыл сайын «9 Мамыр – Ұлы Жеңіс күні» ұлымды Даңқ мемориалына алып барамын. Оған 1941-1945 жылдардағы қасіретті соғыс туралы, өзімнің атам туралы үнемі айтып отырамын. Біз әрдайым Ұлы Отан соғыс ардагерлерін еске алып, олардың ерліктеріне тағымы етеміз. Осы тұста Асет Қасымовтың «Ерлікке тағым» өлеңінің мына шумақтары еріксіз еске түседі:

Олар батыр, олар қайсар, ұлы рас,  
Игі істерін жас үрпақтар ұмытпас.  
Сіздер кешкен зілді тарих қөнермес,  
Бейттегі қөнерсе де құлпытас.

**Марат МУЛКІБАЕВ,  
М.Әуезов атындағы  
ОҚУ КЕАҚ  
әскери кафедрасының  
ага оқытушы**